

Тұрғын үй инспекциясы туралы үлгі ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 241 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 30 наурызда № 10571 тіркелді.

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-2-бабының 10-5) тармақшасына сәйкес **БҮЙҮРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Өнеркәсіп және құрылым міністерлік органдардың 02.02.2024 № 42 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Тұрғын үй инспекциясы туралы үлгі ереже қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылым, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде оның мерзімді баспасөз басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-қызықтық жүйесінде ресми жариялануға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. "Тұрғын үй инспекциясы туралы үлгі ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Құрылым және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2011 жылғы 21 желтоқсандағы № 514 бұйрығының (Нормативтік қызықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2012 жылғы 19 қантарда № 7387 болып тіркелген, 2012 жылғы 14 сәуірдегі № 102-103 (26921-26922) "Казахстанская правда" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

E. Досаев

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2015 жылғы 20 наурыздағы
№ 241 бұйрығымен
бекітілген

Тұрғын үй инспекциясы туралы үлгі ереже

Ескеरту. Ереже жаңа редакцияда – ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 20.03.2020 № 154 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Өнеркәсіп және құрылымдық министрінің 02.02.2024 № 42 (алғашқы ресми жарияланған қунінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйректермен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Тұрғын үй инспекциясы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – тұрғын үй инспекциясы) елді мекендердің шекаралары шегінде тұрғын үй қорын басқару, газ және газбен жабдықтау саласындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде мемлекеттік бақылауды және елді мекендердің шекаралары шегінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде қауіпті техникалық құрылғыларды қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуын мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру үшін занды тұлға мәртебесіне ие коммерциялық емес үйдің болып табылады.

Тұрғын үй инспекторы "Азаматтық қорғау туралы" 2014 жылғы 11 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабы 3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес мемлекеттік инспектор функцияларын жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдың құрылымдық бөлімшесінің лауазымды адамы болып табылады.

2. Тұрғын үй инспекциясы республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданының, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органының 20__ жылғы "___" __ № ____ қаулысымен құрылды.

3. Тиісті саланың уәкілетті органы, сондай-ақ тұрғын үй инспекциясына қатысты коммуналдық меншік құқығы субъектісінің функциясын жүзеге асыратын орган облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданының, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органы (тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте тұрғын үй қорын басқару, газ және газбен жабдықтау саласындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілері және елді мекендердің шекаралары шегінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде қауіпті техникалық құрылғыларды қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуын мемлекеттік қадағалау болған кезде) (бұдан әрі – құрылтайшы) болып табылады.

4. Тұрғын үй инспекциясының толық атауы:

мемлекеттік тілде – "Тұрғын үй инспекциясы" мемлекеттік мекемесі;
орыс тілінде – Государственное учреждение "Жилищная инспекция".

Тұрғын үй инспекциясы:

республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдігі деңгейінде – Тұрғын үй инспекциясы басқармасы түрінде;

аудан, облыстық маңызы бар қала әкімдігі деңгейінде (тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте тұрғын үй қорын басқару, газ және газбен жабдықтау саласындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілері және елді мекендердің шекаралары шегінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде қауіпті техникалық құрылғыларды қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуын мемлекеттік қадағалау болған кезде) –Тұрғын үй бөлімдері түрінде құрылады.

5. Тұрғын үй инспекциясының құрылымы мен шекті штат санын "Жергілікті атқарушы органдардың штат санының лимиттерін бекітудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 15 желтоқсандағы № 1324 қаулысымен бекітілген олардың штат санының лимиті шегінде жергілікті атқарушы органдар белгілейді.

Тұрғын үй инспекциясы басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушы) бола алмайды.

6. "Тұрғын үй инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің орналасқан жері: _____

2-тaraу. Тұрғын үй инспекциясының заңдық мәртебесі

7. Тұрғын үй инспекциясы мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап құрылды деп саналады және заңды тұлға құқығын иеленеді.

8. Тұрғын үй инспекциясының Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөртаңбалары, сондай-ақ банктерде шоттары болады.

9. Тұрғын үй инспекциясы өз міндеттемелері бойынша өзінің иелігіндегі ақшага жауапты болады.

10. Тұрғын үй инспекциясының азаматтық-құқықтық мәмілелері Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерде міндетті тіркеуден өткеннен кейін күшіне енді.

3-тaraу. Тұрғын үй инспекциясының міндеттері, функциялары мен өкілеттіктері

11. Тұрғын үй инспекциясының міндеті елді мекендердің шекаралары шегіндегі әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде:

тұрғын үй қорын басқару, газ және газбен жабдықтау саласында мемлекеттік бақылау;

өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында қауіпті техникалық құрылғыларды қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуын мемлекеттік қадағалау болып табылады.

12. Тұрғын үй инспекциясының негізгі функциясы елді мекендердің шекаралары шегінде тұрғын үй қорын басқару, газ және газбен жабдықтау салаларындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде бақылау субъектілеріне қатысты

мемлекеттік бақылау, сондай-ақ елді мекендердің шекаралары шегінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде қадағалау субъектілеріне қатысты қауіпті техникалық құрылғыларды қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуына мемлекеттік қадағалау болып табылады.

13. Тұрғын үй инспекциясының негізгі өкілеттіктеріне:

1) көппәтерлі тұрғын үйдің ортақ мүлкін мемлекеттік техникалық зерттеу-қарауды ұйымдастыру;

2) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне құрделі жөндеу жүргізуіндің тізбесін, кезеңдерін және кезектілігін айқындау;

3) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкіне құрделі жөндеу жүргізуге арналған шығыстар сметасын келісу;

4) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін құрделі жөндеу бойынша орындалған жұмыстарды қабылдау жөніндегі комиссияларға қатысу;

5) осы Заның және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 19 ақпандағы № 108 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № № 10528 болып тіркелген) Кондоминиум объектісін басқару және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін құтіп-ұстau жөніндегі қағидалардың бұзылуын жою және әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар жасау жөніnde орындау нұсқамаларының (ұсынымдар) шығару;

6) пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері өтініш берген кезде кондоминиум объектісін басқару және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін құтіп-ұстau жөніндегі есептің болуына тексеру жүргізу жатады;

7) Пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері арасында осы баптың 1-тармағында айқындалған кондоминиум объектісін басқару нысанын таңдау туралы келісімге қол жеткізілмеген кезде, сондай-ақ осы баптың 3-тармағында айқындалған мүмкіндік пайдаланылған болса, тұрғын үй инспекциясы Қазақстан Республикасының заннамасында белгіленген тәртіппен тұрғын үй инспекциясының көппәтерлі тұрғын үйдің кондоминиум объектісін басқару жөніндегі уақытша басқарушы компанияны айқындау және тағайындау қағидаларына сәйкес уақытша басқарушы компанияны айқындауды және бір жылға дейінгі мерзімге тағайындауды;

8) тұрғын үй қорына түгендеу жүргізуі дербес не ұйымдарды тарта отырып қамтамасыз ету;

9) Қазақстан Республикасы Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 31 наурыздағы № 172 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20245 болып тіркелген) (бұдан әрі - Қағидалар) ақпаратты электрондық нысанда қалыптастыру, өндеу, сондай-ақ орталықтандырылған тұрде жинау және сақтау, оның ішінде тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру объектілерінің жұмыс істеу қағидаларына сәйкес қорытынды

мәліметтерді толтыра отырып, жұмыс істеп тұрған көппәтерлі тұрғын үйлерді есепке алуды жүзеге асыру;

10) Қазақстан Республикасының зандарында көзделген өзге де мәселелер.

14. Тұрғын үй инспекциясы өзіне жүктелген өкілеттіктерге сәйкес:

1) пәтерлер, тұрғын емес үй-жайлар меншік иелерінің кондоминиум нысанын басқару нысанын таңдау рәсімінің сақтауына, ағымдағы және жинақ шоттарын ашуына ;

2) обьектіде және көппәтерлі тұрғын үйдің маңындағы аумақта пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінің ортақ мүлкін қолдану, күтіп ұстау, пайдалану және жөндеу тәртібінің сақталуына;

3) көппәтерлі тұрғын үйлерде (тұрғын ғимараттарда) үйге ортақ жылу, энергия, газ және су ресурстарын есепке алу аспаптарының болуы;

4) кондоминиум обьектісінің ортақ мүлкінің және оның инженерлік жабдықтарының техникалық жай-күйіне, құрылыштық және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы қолданыстағы нормативтік-техникалық және жобалау құжаттарына сәйкес оны күтіп-ұстау және жөндеу бойынша жұмыстарды уақтылы орындалуына;

5) көппәтерлі тұрғын үйді маусымдық пайдалануға дайындау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға;

6) анықталған бұзушылықтарды жою бойынша қабылданған шешімдер мен нұсқамалардың орындалуына;

7) жергілікті бюджет қаражаты есебінен кондоминиум обьектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуге жобалау үйыминың анықтауға және жобалау-сметалық құжаттаманы дайындауға конкурс өткізуге;

8) кондоминиум обьектісінің ортақ мүлкіне күрделі жөндеудің жекелеген тұрлери бойынша орындалған жұмыстардың сапасына;

9) елді мекеннің шекарасы шегінде тұрмыстық және коммуналдық-тұрмыстық тұтынушылардың газбен жабдықтау жүйелерінің тұрмыстық баллондары мен обьектілерін қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылау функцияларын жүзеге асырады;

10) электрондық нысанда ақпаратты қалыптастыру, өндөу, сондай-ақ орталықтандырылған тұрде жинау және сақтау, оның ішінде тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы ақпараттандыру обьектілерінің жұмыс істеу Қағидаларында көрсетілген талаптарға сәйкес ақпарат беруді;

15. Тұрғын үй инспекциясы өзіне жүктелген өкілеттіктерге сәйкес қауіпті техникалық құрылғыларды, атап айтқанда 0,07 мегапаскальдан астам қысыммен және (немесе) 115 Цельсий градустан астам судың қайнау температурасы кезінде (жылумен жабдықтау үйымдары) жұмыс істейтін бу және су жылдыту қазандықтарын, 0,07

мегапаскальдан астам қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды, жүк көтергіш механизмдерді, эскалаторларды, аспалы жолдарды, фуникулерлерді, әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріндегі лифтілерді, траволаторларды, мүмкіндіктері шектеулі адамдарға (мүгедектігі бар адамдарға) арналған көтергіштерді қауіпсіз пайдалануға мемлекеттік қадағалауды жүзеге асырады.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Индустрія және инфрақұрылымдық даму министрінің 06.09.2022 № 492 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрыймен.

16. Тұрғын үй инспекциясы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінің қауіпті техникалық құрылғыларын есепке қоюды және есептен шығаруды жүзеге асырады.

17. Тұрғын үй инспекциясы елді мекендердің шекаралары шегінде тұрғын үй қорын басқару, газ және газбен жабдықтау саласындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде мемлекеттік бақылауды, сондай елді мекендердің шекаралары шегінде өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде қауіпті техникалық құрылғыларды қауіпсіз пайдалану талаптарының сақталуын мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру кезінде:

1) жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында:

мемлекеттік бақылау және мемлекеттік қадағалау объектілері мен субъектілері туралы;

тексеру кестелері және олардың нәтижелері туралы;

анықталған кемшіліктер туралы, сондай-ақ әлеуметтік инфрақұрылым объектілерінде қауіпті техникалық құрылғыларды қауіпсіз пайдалану талаптарын сақтау туралы жасалған актілер мен шығарылған нұсқамалар туралы;

2) тұрғын үй қатынастары және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы электрондық ақпараттық ресурстарды орталықтандырылған жинау және сактаудың ақпараттық жүйесінде:

елді мекен шегінде құрылған мұлік иелері бірлестіктерінің және қарапайым серікtestіктердің тізілімін қалыптастыру және енгізу;

тұрғын үй қорына түгендеу жүргізу;

қорытынды мәліметтерді толтыра отырып, жұмыс істеп тұрған көппәтерлі тұрғын үйлерді есепке алу.

18. Тұрғын үй инспекциясы кондоминиум объектісінің ортақ мұлкін, көппәтерлі тұрғын үйдің үй жанындағы жер учаскесін күтіп-ұстау сапасын бақылау және коммуналдық қызметтерді ұсыну бойынша нормативтік және әдістемелік құжаттарды дайындауға қатысады, сондай-ақ бақыланатын объектілердің иелеріне, көппәтерлі тұрғын үйлерді, әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін басқаруды және күтіп-ұстауды жүзеге асыратын кәсіпорындарға, үйымдарға немесе азаматтарға, оның ішінде жеке және занды тұлғаларға Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процесстік кодексіне сәйкес келіп түсken өтініштер бойынша консультациялық көмек көрсетеді.

19. Тұрғын үй инспекциясы "Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кондоминиум объектісін мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды ұсынады, сондай-ақ жиналыстың шешімі негізінде пәтерлердің, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелерінен тиісті өтініш түскен жағдайда кондоминиум объектісіне техникалық паспорттарды және шығыстарды дайындауды және өтеуді қамтамасыз етеді.

20. Кәсіпкерлік субъектілерін тексеру және профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес, ал пәтерлерді, тұрғын емес үй-жайларды тексеру "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

21. Тұрғын үй инспекциясына жарғыда (ережеде) бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсаттарына жауап бермейтін қызметті жүзеге асыруына, сондай-ақ мәмілелер жасауга жол берілмейді.

4-тaraу. Тұрғын үй инспекциясын басқару

22. Тұрғын үй инспекциясына жалпы басқаруды құрылтайшы жүзеге асырады.

23. Құрылтайшы мынадай функцияларды жүзеге асырады.

- 1) тұрғын үй инспекциясына мүлікті бекітіп береді;
- 2) тұрғын үй инспекциясын жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 3) тұрғын үй инспекциясына берілген мүлікті сақтауға бақылауды жүзеге асырады;
- 4) тұрғын үй инспекциясының ережесін (жарғысын) бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

5) тұрғын үй инспекциясының құрылымын, оны қалыптастыру тәртібін және тұрғын үй инспекциясы органдың өкілеттігі мерзімін, тұрғын үй инспекциясының шешім қабылдау тәртібін белгілейді;

6) тұрғын үй инспекциясы басшысының құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін, оны атқарып отырған лауазымнан босату негіздерін белгілейді;

7) мемлекеттік орган болып табылатын мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, тұрғын үй инспекциясының құрылымын және шекті штат санын бекітеді;

8) тұрғын үй инспекциясы басшысының ұсынымы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) қызметке тағайындауды және қызметтен босатады;

9) жылдық қаржылық есепті бекітеді;

10) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті құрылтайшысының келісімі бойынша тұрғын үй инспекциясына берілген немесе олардың жеке шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуді жүзеге асырады;

11) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органдың келісімі бойынша республикалық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады (жергілікті атқарушы орган коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды).

24. Тұрғын үй инспекциясының басшысын республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнның, облыстық маңызы бар қаланың әкімі қызметке тағайындағы және қызметтен босатады.

25. Тұрғын үй инспекциясының басшысы тұрғын үй инспекциясының жұмысын ұйымдастырады, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнның, облыстық маңызы бар қаланың әкіміне тікелей бағынады және тұрғын үй инспекциясына жүктелген міндеттерді орындау және олардың өз функцияларын жүзеге асыру үшін дербес жауапты болады.

26. Тұрғын үй инспекциясы қызметін жүзеге асырган кезде тұрғын үй инспекциясының басшысы:

- 1) тұрғын үй инспекциясының атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда тұрғын үй инспекциясының мұддесін білдіреді;
- 3) шарттар жасасады;
- 4) сенімхаттар береді;
- 5) тұрғын үй инспекциясының іссапарлар, тағылымдамалар, қызметкерлерді қазақстандық және шетелдік жоғарғы оқу орындарында оқыту және қызметкерлердің біліктілігін арттырудың басқа да тұрларі бойынша тәртіп пен жоспарларды бекітеді;
- 6) банк шоттарын ашады;
- 7) барлық қызметкерлер үшін міндетті бұйрықтар шығарады;
- 8) республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданнның, облыстық маңызы бар қаланың әкімі тағайындаған қызметкерлерді қоспағанда, тұрғын үй инспекциясының қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;
- 9) тұрғын үй инспекциясының қызметкерлерін көтермелеген шараларын қабылдайды және тәртіптік жаза қолданады;
- 10) өзінің орынбасарының (орынбасарларының) және тұрғын үй инспекциясының өзге де басшы қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді.

27. Тұрғын үй инспекциясының әрбір инспекторында жеке мөртаңбасы болады.

5-тaraу. Тұрғын үй инспекциясының мүлкін күру тәртібі

28. Тұрғын үй инспекциясының мүлкін занұның тұлғаның активтері құрайды, оның құны өзінің балансында көрсетіледі. Тұрғын үй инспекциясының мүлкі:

- 1) оған құрылтайшы берген мүлік;
- 2) өз қызметі нәтижесінде сатып алған мүлік;
- 3) "Мемлекеттік мүлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының Занында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптасады.

29. Тұрғын үй инспекциясы мемлекеттік коммуналдық меншік болып табылады және жедел басқару құқығында оған тиесілі.

30. Тұрғын үй инспекциясы өзіне бекітіліп берілген мұлікті және өзіне смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мұлікті иелікten шығармайды немесе оған өзгеше әдіспен билік ете алмайды.

31. Тұрғын үй инспекциясының қызметі республикалық маңызы бар қала, астана, аудан, облыстық маңызы бар қала әкімдігінің бюджетінен қаржыландырылады (шығыстар сметасы).

32. Тұрғын үй инспекциясы бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік және бюджеттік есеп, қаржы және бюджеттік есеп беру саласындағы заңнамаға сәйкес есеп береді.

33. Тұрғын үй инспекциясының қаржы-шаруашылық қызметін тексеруді және ревизия жүргізу ді құрылтайшы жүзеге асырады.

6-тарау. Тұрғын үй инспекциясының жұмыс режимі

34. Тұрғын үй инспекциясының жұмыс уақыты жергілікті атқарушы органдардың жұмыс режиміне сәйкес анықталады.

7-тарау. Тұрғын үй инспекциясының құрылтай құжатына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

35. Тұрғын үй инспекциясының құрылтай құжатына өзгерістер мен толықтырулар енгізу құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

36. Тұрғын үй инспекциясының құрылтай құжатына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес тіркеледі.

8-тарау. Тұрғын үй инспекциясын қайта ұйымдастыру және тарату

37. Тұрғын үй инспекциясын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.